Пәннің атауы: Математикалық физика теңдеулері

Бағдарлама авторы: Баймағамбетов У.Б.

Курсты оқытудың қысқаша мақсаты: Екінші ретті дербес туындылы теңдеуледі шешудің негізгі әдістерін оқу.

Пәннің қысқаша мазмұны: Дербес туындылы теңдеулердің классификациясы. Екінші ретті теңдеулердің классификациясы. Теңдеулердің канондық түрлері. Шектік есептердің қойылуы. Гиперболалық, параболалық, Эллипстік типті теңдеулер. Характеристикалар әдісі. Айнымалыларды ажырату әдісі.

Пререквизиттері: Дифференциалдық теңдеулер, Дифференциалдық геометрия және топология.

Постреквизиттері: Дифференциалдық теңдеулердегі сандық-аналитикалық әдістер

Оқытудан күтілетін нәтижелер: А. Дербес туындылы дифференциалдық теңдеулер үшін жергілікті емес шарттармен берілген есептің шешімін зерттеу. В. Берілген есептерді шешу үшін математикалық аппаратты пайдалану, берілген процесске сәйкес модельду пайдалану. С. Ойлану мәдениеттілігіне қол жеткізу, анализ жасау, жалпылау, жасалған жұмыс нәтижелерін өңдей білу. D. Өзінің пікірін дәлелдей білу, кәсіби қызметте жоғарылауға ұмтылу. Әдебиеттермен жұмыс жасай білу. E. Топта жұмыс жасай білу, өзінің пікірін жеткізе білу, әріптестердің пікірімен санаса білу, математикалық мәдениеттілікке қол жеткізу.

9.2 модуль - Желілер және жоғары математика

Дублин дескрипторлары:(А, В, С, D,E)

Пәннің атауы: Компьютерлік желілер

Бағдарлама авторы: Утесова Г.

Курсты оқытудың мақсаты: студенттерді есептеу жүйелерімен және компьютерлік желілерімен таныстыру. Компьютерлік желіні құру мен жобалау тәсілдерін, желілік бағдарламаларды қондыруды үйрету.

Пәннің қысқаша мазмұны: Компьютерлік желілер түсінігі. КЖ құру негіздері. Желілік шешімдерді стандарттау. КЖ аппараттық құрылғылары. Жергілікті желілерді құру технологиясы мен олардың жұмысы. Ауқымды желілерді құру технологиясы мен олардың жұмысы. Желілік бағдарламалық жабдықтар.

Пререквизиттері: Ақпараттық коммуникациялық технологиялар, Информатиканың теориялық негіздері.

Постреквизиттері: Ақпараттық қауіпсіздік негіздері, Интернетте ақпаратты қорғау.

Оқытудан күтілетін нәтижелер: А. компьютерлік желілердің архитектурасы мен қызметінің схемасын; заманауи компьютерлік желілердің қызметтері мен теориялық негіздерін және олардың заманауи автоматтандырылған ақпараттық жүйелердегі орны туралы білу; В. практикада жергілікті және ауқымды желілерді болашақта технологияларын қолдана білу; С. Шешімді білу және қорытындыларды шығару, салыстыру, өз дәлелдерін құру мүмкіндігі, бағдарламалық құралдардың өз интерфейсін құруға өз ұстанымын білдіру және дәлелдей білу қабілеттілігі; D. қарым-қатынас саласында – айтылатын пайымдаулардың қисындылығын қалыптастыру; E. оқыту саласында – өз бағдарламаларындағы кілттік мәселелерді талдау біліктілігі.

Дублин дескрипторлары:(А, В, С, D,E)

Пәннің атауы: Екінші ретті дербес туындылы дифференциалдық теңдеулер және олардың қолданысы

Бағдарлама авторы: Абдикаликова Г.А.

Курсты оқытудың мақсаты: Екінші ретті дербес туындылы дифференциалдық теңдеулерін пайдаланып физикалық құбылыстардың заңдылықтарын сипаттау; білуге және қолдануға: екінші ретті дербес туындылы дифференциалдық теңдеуді классификациялау; барлық типті теңдеу үшін шеттік есептің қойылымы; негізгі әдістерді қолданып шеттік есепті шешу

Пәннің қысқаша мазмұны: Дифференциалдық теңдеулер және шеттік есептер. Дербес туындылы дифференциалдық теңдеулер туралы мәлімет. Жылуөткізгіштік теңдеу үшін максимум қағидасы. Параболалық теңдеуге қойылған Коши есебінің шешімінің жалғыздығы туралы теорема. Эллипстік типті теңдеулер. Дөңгелек және жартылай жазықтық үшін Дирихле есебі. Потенциалдар теориясы. Көлемдік және беттік потенциалдар. Жылулық потенциал. Толқындық потенциал. Эллипстік теңдеу үшін қойылған шеттік есептерді интегралдық теңдеуге келтіру.

Пререквизиттері: Дифференциалдық және интегралдық есептеулердің экономикалық есептердегі қолданысы, Дифференциалдық теңдеулер.

Постреквизиттері: Дифференциалдық теңдеулердегі сандық-аналитикалық әдістер.

Оқытудан күтілетін нәтижелер: А. Екінші ретті дербес туындылы дифференциалдық теңдеулер теориясының негізін терең меңгеру. В. Теориялық дәріс есептер шығарумен ұштастырылып, математикалық физика теңдеуіне қойылған Коши есебінің және шеттік есептерді шешу жолдарын игеру; физикалық процестердің математикалық моделін құру және сәйкес есептерді шешу дағдысын қалыптастыру. С. Алған білімін берілген нақты гиперболалық, параболалық, эллипстік теңдеулерге қойылған шеттік есептерді зерттеу және шешу үшін әр түрлі әдістерді қолдана алу дағдыларын қалыптастыру.

10.1 модуль - Үшөлшемді графика

Дублин дескрипторлары:(А, В, С, D,E)

Пәннің атауы: Компьютерлік графика

Бағдарлама авторы: Таскалиева Ж.А.

Курсты оқытудың мақсаты: Компьютерлік графика компьютердің аппараттық және программалық жабдықтары көмегімен әр түрлі бейнелерді құру, оларды монитор экранында бейнелеу және содан кейін файлда сақтау немесе принтерден басып шығарудың заманауи технологияларының бірін береді. Бұл пәнді оқудың мақсаты графиктік программалардың ең танымал пакеті – Corel Draw-мен жұмыс жасауды меңгеру болып табылады. Программалы-аппараттық есептеу кешендері көмегімен бейнелерді құру және өңдеу әдістері мен жабдықтарын қарастыру. Бейнені кәсіби деңгейде бейнелеуге болатын Adobe Photoshop графиктік редактор пакеті туралы жалпы түсінік беру: сурет салу, фотомонтажбен айналысу, нашар суреттерді жөндеу, өз

бейнелерін жасау. Компьютерлік графика тек құрал ретінде қолданылғанымен, оның құрылымы мен әдістері математика, физика, химия, биология, статистика, бағдарламалау және т.б. фундаментальді және қолданбалы ғылымдарының жетістіктеріне негізделеді. Компьютерлік графика информатиканың қарқынды дамып келе жатырған саласының бірі болып табылады.

Пәннің қысқаша мазмұны: Студенттерді компьютерлік графиканың негізгі ұғымдарымен, оның мақсатымен, оның қолданылатын әр түрлі облыстарындағы функционалдық мүмкіндіктерімен таныстыру; компьютерлік графикаға қолданбалы информатиканың дамуындағы маңызды бағыттарының бірі ретінде қызығушылықты арттыру; геометриялық сипаттағы есепті шешу үшін компьютерлік графиканың математикалық және алгоритмдік қамтамасын қолдану дағдылары мен біліктіліктерін қалыптастыру; инженерлік геометриялық және графиктік есептерді компьютерде шешуде студенттерге ыңғайлы, сенімді және заманауи құрал-жабдықтарды беру; кеңістіктік қиялды дамыту және кеңістіктік геометриялық модельдеудің тәжірибелік дағдысын қалыптастыру; растрлық, екіөлшемді және үшөлшемді векторлық графиканың программалық қамтамасымен жұмыс жасаудың тәжірибелік дағдысын қалыптастыру; графиктік қосымшаларды жобалау үшін математикалық және алгоритмдік қамтаманы меңгеру; шынайы кеңістіктік модельдерді тұрғызудың тәжірибелік дағдыларын алу.

Пререквизиттері: Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар, Сызба геометриясы және инженерлік графика

Постреквизиттері: HTML тілінде программалау, Web технологиясы, дипломдық жоба құру

Оқытудан күтілетін нәтижелер: Пәнді оқу нәтижесінде студенттер міндетті: А. білуге: графиктік редактормен жұмыс жасауда компьютерге қойылатын негізгі талаптарды; графиктік жүйенің аппаратты-программалық модульдерін жүзеге асыруды; геометриялық модельдеудің негізгі тәсілдерін және олармен шешілетін есептерді; видеоақпаратты сипаттау және оның машиналық генерациясы негіздерін; компьютерлік графиканың заманауи стандарттарын; бейнені визуалдаудың негізгі тәсілдерін: растрлық және векторлық графика; графикамен жұмыста қолданылатын файлдардың негізгі форматтарын; векторлық графиктік бейнелерді тұрғызудың негізгі принциптерін; растрлық бейнелерді тұрғызудың және оларды өңдеудің негізгі принциптерін; әр түрлі басылымдарды компьютерлік жинақтаудың (верстки) негізгі принциптерін; жоғары математика бөлімдерін: матрицалар алгебрасы, векторлық алгебра, аналитикалық және дифференциалдық геометрия, сызба геометриясының негіздерін; В. ақпараттық жүйелерде интерактивті графиканы қолдана алуға; С. екіөлшемді растрлық және векторлық графиктік бейнелерді құру және оларды кең тараған графиктік редакторларда өңдеу қабілеттілігіне ие болуға; D. құрылған бейнелерді қажетті форматтарда сақтауды орындай алуға; E. орындай алуға: ақпараттық жүйелерде интерактивті графиканы қолдануды; публикацияның жаңа файлын құру және оны ең танымал баспалық жүйелердің бірінде өңдеуді.

Дублин дескрипторлары:(А, В, С, D, E)

Пәннің атауы: 3D модельдеу (3 ds Max)

Бағдарлама авторы: ф.-м.ғ.к. – Жахина Р.У.

Құрсты оқытудың мақсаты: Бұл пәнді оқытудың мақсаты студенттердің заманауи программалық пакеттер негізінде үшөлшемді модельдеуді меңгеруі болып табылады. Үшөлшемді модельдеу алгебра және геометрия, физика, ақпараттарды өңдеу әдістері, компьютерлік графика курстарының оқу материалына сүйенеді.

Пәннің қысқаша мазмұны: Студенттерді автоматтандырылған жобалау мен құрылымдаудың есептерін шешкенде қолданылатын үшөлшемді модельдеудің техникалық және программалық жабдықтарымен; ЭЕМ-ді қолданып құрылымдау әдістерімен таныстыру; оқу кезінде және кейіннен кәсіби қызметте теориялық және эксперименттік жұмыстарды орындағанда үшөлшемді модельдеуді сауатты ирационалды қолдану дағдысыны қалыптастыру болып табылады.

Пререквизиттері: Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар, Бағдарламалау

Постреквизиттері: Мобильді қосымшаларды құру тілдері, Дипломдық жобалау

Оқытудан күтілетін нәтижелер: Пәнді оқу нәтижесінде студент міндетті: А. білуге: автоматтандырылған жобалау мен құрылымдаудың есептерін шешкенде қолданылатын үшөлшемді модельдеудің техникалық және программалық жабдықтарын; В. орындау алуға: модельдеудің ең рационал әдістерін анықтауды; үшөлшемді модельдеудің көмекші жабдықтарын қолдануды; үшөлшемді объектіні тұрғызу схемасын жасауды; С. меңгеруге: үшөлшемді қарапайым модельді құруды; көмекші жабдықтарды қолданып үшөлшемді күрделі модельді құруды; жиналмалы үшөлшемді модельді құруды.

10.2 модуль - 3D-дизайн

Дублин дескрипторлары:(А, В, С, D, E)

Пәннің атауы: Үшөлшемді графиканы Open GL-да программалау негіздері

Бағдарлама авторы: к.ф.м.-н, доцент Жахина Р.У

Құрсты оқытудың мақсаты: **Құрсты оқытудың мақсаты** компьютерлік графика тарихымен ғылым, өнер және инженерия ретінде танысу; OpenGL библиотекасына осы құрстың негізгі тәжірибелік құралы ретінде кіріспе; визуалдауды адамның қабылдауынша анықтайтын негізгі физикалық феномендермен танысу; шынайы компьютерлік графикаға қол жеткізуге мүмкіндік беретін қарапайымдандырулар мен негізгі техникалық

тәсілдерді жарықтандыру; заманауи компьютерлік графиканың математикалық аппаратына кіріспе; OpenGL негізінде компьютерлік графиканың аяқталған программасын құру дағдысын қалыптастыру болып табылады.

Пәннің қысқаша мазмұны: «Үшөлшемді графиканы Open GL-да программалау негіздері» курсы информатика саласында заманауи маманды дайындау циклы курстарының пәні болып табылады. Берілген курс компьютерлік графика әдістерін қарқынды қолданып заманауи қосымшаларды құруда теориялық іргетасын ашуға және тәжірибелік дағдыларды қалыптастыруға негізделген.

Пререквизиттері: Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар, Сызба геометриясы және инженерлік графика

Постреквизиттері: Сарапшы жүйелер, дипломдық жобаларды дайындауда білім мен дағдыларды пайдалану

Оқытудан күтілетін нәтижелер: Пәнді меңгеру нәтижесінде студент міндетті: А. білуге: түстік сипаттаудың негізгі ұғымдарын, есептеу геометриясының алгоритмдерін, OpenGL библиотекасымен жұмыстың базалық әдістерін; В. орындай білуге: оқу кезінде және тәжірибелік есептерді шешуде 3D модельдеу алгоритмдерін қолдануды; Е. меңгеруге: 3D модельдеу аппаратын, визуалдау әдістерін және жабдықтарын, ғылыми-техникалық ақпаратты өңдеуді, талдауды және жүйелендіруді.

Дублин дескрипторлары:(А, В, С, D,E)

Пәннің атауы: 3D- модельдеу (Blender)

Бағдарлама авторы: Аман К.П

Курсты оқытудың мақсаты: студенттердің ғылыми-техникалық және шығармашылық әлеуетін дамыту, студенттердің шығармашылық және дизайнерлік қабілеттерін меңгерту.

Пәннің қысқаша мазмұны: модельдеу процесінде техникалық міндеттерді өз бетінше шешу (алдағы іс-қимылдарды жоспарлау, өзін-өзі бақылау); 3D модельдерді жасау; сахнаның үш өлшемді кеңістігінде бағдарлану; объектілерді құрудың негізгі құралдарын тиімді пайдалану; объектілерді немесе олардың жеке элементтерін түрлендіру, өзгерту және редакциялау; құрылған объектілерді функционалдық топтарға біріктіру.

Пререквизиттері: Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар, Бағдарламалау.

Постреквизиттері: Мобильді қосымшаларды құру тілдері, Дипломдық жобалау.

Оқытудан күтілетін нәтижелер: Пәнді оқу нәтижесінде студент білуі керек: А. автоматты жобалау және құрастыру есептерін шешу кезінде қолданылатын үшөлшемді модельдеудің техникалық және бағдарламалық құралдарын; В. модельдеудің ең тиімді әдістерін анықтауды; үшөлшемді модельдеудің қосалқы құралдарын пайдалануды; үшөлшемді объектіні құру сызбасын жасауды.

11.1 модуль - Математикалық және компьютерлік модельдеу

Дублин дескрипторлары: (А, В, С, D,E)

Пәннің атауы: Python-да деректерді талдау

Бағдарлама авторы: Ерекешева М.М.

Курсты оқытудың мақсаты: Python объектілі-бағытталған бағдарламалау тілінде бағдарламалау негіздері бойынша студенттердің жүйелік негізгі бейнесін, алғашқы білімдерін, қабілеттерін қалыптастыру.

Пәннің қысқаша мазмұны: Python бағдарламалауына кіріспе. Негізгі Python модульдері. Функционалды бағдарламалау элементтері. Нысанға бағытталған бағдарламалау. Сандық алгоритмдер Матрицалық есептеулер. Сөздерді өңдеу. Тұрақты тіркестер. Юникод Әр түрлі форматтағы мәліметтермен жұмыс. Python желілік қосымшалары. Интернеттегі есептеу. Python бағдарламалаудың басқа тілдерімен бірігу. Python аудармашы құрылғысы. Python тілі бағдарламалық жасақтаманың прототиптерін тез жасауға мүмкіндік береді, сонымен қатар бағдарламалық жасақтаманың өздері өндірістік мәселелерді шешуге арналған бағдарламалық қамтамасыз етуді біріктіруге көмектеседі. Python-да бай стандартты кітапхана және ақпараттық технологиялар индустриясының барлық қажеттіліктері үшін кеңейту модульдерінің көп саны бар.

Пререквизиттер: алгоритмдеу және бағдарламалау, математика.

Постреквизиттер: Бағдарламалық жасақтама жасау құралдары, Интернетте мәліметтер базасын шығару.

Оқытудан күтілетін нәтижелер: А. идеясы болуы керек: Python бағдарламалау тілінің ерекшеліктері туралы, Python бағдарламалау тілін қолдану салалары туралы; С. біледі және қолдана біледі: Python тілінің негізгі құрылыстары, алгоритмдерді Python тілінде жазу әдістері, Python тілінде бағдарламаларды жасау әдістері мен құралдары; С. дағдылары бар: Python бағдарламаларын құрастыру, күйін келтіру, тестілеу және құжаттау.

11.2 модуль - Математикалық модельдердің қолданысы

Дублин дескрипторлары: (А, В, С, D,E)

Пәннің атауы: Басқарудың математикалық әдістері

Бағдарлама авторы: Шамишева Б.С.

Курсты оқытудың мақсаты: математикалық модельдеу тәсілдерін егжей-тегжейлі талдау және әр түрлі модельдерді салыстырмалы талдау арқылы оқушылардың жүйелі ойлауын дамыту; Өндірістік есептерді шешуге арналған негізгі экономикалық-математикалық әдістер туралы теориялық білім алу; Басқаруда математикалық модельдерді құруда, талдауда және қолдануда практикалық дағдыларға ие болу.

Пәннің қысқаша мазмұны: Экономикалық талдаудың мақсаттары. Экономикалық-математикалық әдістердің жіктелуі және олардың қолданылу аясы. Экстремалды талдау модельдері. Мәселені және экономикалық-математикалық модельдеу кезеңдері. Өндірісті жоспарлау мен басқарудағы оңтайлылық принциптері. Сызықтық бағдарламалаудың экономикалық және математикалық модельдерінің құрылуы. Сызықтық бағдарламалау әдістері. Сызықтық бағдарламалаудың типтік мәселелері. Көлік міндеттері. Көлік желілеріндегі тапсырмалар. Тарату тапсырмалары. Бүтін сандық бағдарламалау тапсырмалары. Тапсырма мәселесі. Желіні жоспарлау мен басқарудың математикалық әдістері. Желілік модельдердің құрылысы, есептеу және талдау. Уақытша және материалдық ресурстардың желілік кестелерін оңтайландыру. Түгендеуді басқару әдістері мен модельдері, қолдану мысалдары. Салааралық балансты қолдану

Пререквизиттер: Математикалық талдау I

Постреквизиттер: Физикалық процестерді математикалық және компьютерлік модельдеу

Оқытудан күтілетін нәтижелер: А. басқарушылық шешімдердің нұсқаларын жасау мүмкіндігі; В. әлеуметтік-экономикалық тиімділік критерийлері негізінде олардың тандауын негіздеу.

12.1 модуль - Деректер қоры және операциялық жүйелерді әкімшілендіру

Дублин дескрипторлары:(А, В, С, D,E)

Пәннің атауы: Деректер қорының теориясы

Бағдарлама авторы: Бикулов А.

Курсты оқытудың мақсаты: Пәнді оқытудың мақсаты студенттерді деректер қорын, деректер қорын басқарудың заманауи жүйесін жобалау әдістеріне және олардың заманауи деректер қорымен және ДҚБЖ-мен жұмыс жасаудың тәжірибелік дағдысына үйрету болып табылады

Пәннің қысқаша мазмұны: Студенттерде инженерлік есептерді құрастыру мен шешуде заманауи автоматтандырылған ақпараттық-басқарушы жүйелер мен кешендер негізінде жатқан іргелі және алдыңғы қатарлы білімдер мен ғылыми принциптерді түсінуге және қолдануға мүмкіндік беретін теориялық білімдер мен тәжірибелік дағдыларды дамыту.

Пререквизиттері: Информатиканың теориялық негіздері, C# бағдарламалау тілі.

Постреквизиттері: Web-технологиялар, Android-қа арналған қолданбалы бағдарламалар.

Оқытудан күтілетін нәтижелер: А. Пәнді оқу нәтижесінде студент міндетті білуге: негізгі ұғымдарды және деректер қорын тұрғызу технологиясын; пәндік облысты сипаттау модельдерін және «мән-байланыс» моделі (ER-модельдер) негізінде пәндік облысты құрылымдау ережелерін; В. Деректердің классикалық реляциялық моделін және олардың заманауи түрлерін; пәндік облыстың ER-диаграммасын деректер қоры схемасына түрлендіру ережелерін; реляциялық алгебра элементтерін; С. Деректер қорының бүтіндігін бақылау механизмін; заманауи ДҚБЖ-ның сұраныстар тілі және жүйелері; нақтылы ДҚБЖ деректерін манипуляциялау және SQL тілдері; D. Орындай білуге: пәндік облыс талдауын және деректер қорын құру есебінің қойылымын орындауға; пәндік облыстың ER-диаграммасын және оған сәйкес деректер қорын нақтылы ДҚБЖ ортасында құруды; деректер қорына жасалатын сұранысты реляциялық өрнектер түрінде жазу және оларды SQL тілінде немесе қосымшалар түрінде жүзеге асыру; E. Тұтынушы интерфейсін және нақты ДҚБЖ саймандарын қолданып деректер қорының бүтіндігін бақылау жабдықтарын қалыптастыруды; меңгеруге: деректер қоры мен ақпараттық жүйелерді құрудың тәжірибелік дағдыларын.

Дублин дескрипторлары:(А, В, С, D,E)

Пәннің атауы: Операциялық жүйелерді жүйелік әкімшілік ету

Бағдарлама авторы: Аман К.П

Курсты оқытудың мақсаты:Осы курс ҚР-ның білім беру саласын әлемдік деңгейге көтеру жолында дамыған елдер оқу орындарында қолданылатын программаларды оқу үрдісіне енгізу мақсатымен ұсынылып отыр.

Пәннің қысқаша мазмұны: XX ғасырдың 80-ші жылдарында Unix операциялау жүйесі шағын ғана мамандардың мүддесіндегі жүйе болатын. Қазіргі кезде бұл негізгі, миллиондаған қолданушылар пайдаланатын, көп түрлі компьютерлерде жұмыс істейтін операциялау жүйесі. Unix жүйесі телекоммуникация саласында, банк, интернет, ірі мекемелер компьютер парктерінде қолданылады. Алғашқы жобасынан бастап бұл жүйе көп компьютерлерді байланыстыратын жұмыстық ортаға арналып жоспарланған. Қазіргі кезеңде Unix бірнеше тектес жүйелердің жиынынан тұрады. Әлемдегі алдыңғы қатардағы оқу мекемелерінде бұл жүйенің тегін пайдаланатын, коммерциалды емес лицензиясының басқаруымен таратылатын Linux жүйелері оқу үрдісіне енгізілген.

Пререквизиттері: Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар. Бағдарламалау.

Постреквизиттері: Мәліметтер қорының клиент-серверлік қосымшаларын құру, Дипломдық жоба.

Оқытудан күтілетін нәтижелер: Пәнді оқу нәтижесінде студенттер міндетті: А. білуге: операциялық жүйелерді тұрғызудың жалпы принциптерін; ЭЕМ-нің бағдарламалық және аппараттық жабдықтарының өзара әрекеттесу принциптерін; заманауи файлдық жүйелерді ұйымдастыру тәсілдерін; В. алған білімдерін өзінің тәжірибелік іс-әрекетінде, сол сияқты жаңа теоретикалық және әдістемелік-тәжірибелік нұсқауларды өз кәсібінде қолдана білу; С. есепті қою және оны шешу алгоритмін тұрғызу, программалаудың қолданбалы жүйелерін қолдану қабілеттілігі; D. меңгеруге: заманауи операциялық жүйелерді әкімшілік ету дағдыларын; E. орындай алуға: заманауи операциялық жүйелерді аппараттық талаптарға сай нәзік баптауды.

Дублин дескрипторлары: (A, B, C, D,E)

Пәннің атауы: Java программалау тілі

Бағдарлама авторы: Капарова Л.Е

Курсты оқытудың мақсаты: Студенттердің Java объектілі-бағытталған программалау тілінің негіздері туралы жүйелік базалық түсінігін, алғашқы білімдерін, біліктіліктерін және дағдысын қалыптастыру.

Пәннің қысқаша мазмұны: Тілдің алфавиті. Класс кеңеймесі (Object класы. Суперкласс әдістерін шақыру). Интерфейстер. Ерекше жағдайлар. Пакеттер. Java инфрақұрылымы. Кластар мен объектілер. Интерфейстер. Операторлар мен блоктар. Ағындар. Синхронизация. Synchronized әдістері. Synchronized операторлары. wait және notify әдістері. Пакеттер. Енгізу/шығару пакеттері. InputStream класы. OutputStream класы. Ағындардың стандартты типтері. Филтрлеуші ағындар. Конвейерлік ағындар. Мәліметтер ағындары. Стандартты көмекші құралдар. Программалауда типтерді қолдану. Енгізу/шығарудың стандартты ағыны. Жадыны басқару. Жүйелік қасиеттер. Процестерді құру.

Пререквизиттері: Тілдер және Бағдарламалау технологиялары, Алгоритмдер, деректер құрылымы және программалау

Постреквизиттері: HTML тілінде программалау, Web технологисы, дипломдық жоба құру

Оқытудан күтілетін нәтижелер: А. Microsoft.NET Framework платформасында қосымша құру технологиясы, Java программалау тілінің ерекшеліктері, Java программалау тілінің қолданылу облыстары туралы түсінігі болуы; В. Java тілінің негізгі конструкцияларын, Java тілінде алгоритмдердің жазу тәсілдерін, Java тілінде программа құрудың әдістері мен құралдарын білуі және қолдана алуы; С. программаларды құру, өңдеу, тестілеу және Java тілінің кітапханалары мен қолданбалы пакеттерін қолдану дағдысының болуы.

Дублин дескрипторлары:(A, B, C, D,E)

Пәннің атауы: Мәліметтер қорын интернетте жариялау

Бағдарлама авторы: Талипова М.Ж.

Курсты оқытудың мақсаты: “Мәліметтер қорын интернетте жариялау” курсына сервердегі Web-парақты басқару, PHP-де формадан енгізілген мәліметтерді өңдеу сценарийлері, MySQL МҚБЖ мәліметтер қорымен жұмыс жасау әрекеттері қарастырылады. Студенттерге интернетте мәліметтер қорымен жұмыс жасау принциптерін, яғни MySQL МҚБЖ-де құрылған мәліметтер қорын өңдеуге арналған php сценарийлерді құруды үйрету.

Пәннің қысқаша мазмұны: PHP тілі мен MySQL МҚБЖ-нің біріктірілген механизімін интернеттегі МҚ-ын құруда қолдану. Web-сайт құру. Php тілі. Айнымалылар, мәліметтердің типтері, арнайы символдар, комментарийлер. Шарт және цикл операторлары. Массивтер, олармен жұмыс жасауға арналған функциялар. Жолдық типтер және олармен жұмыс жасауға арналған функциялар. Дата және уақыт мөндерімен жұмыс жасау. Функциялар. Арнайы өрнектер. Файлдармен жұмыс. MySQL МҚБЖ. MySQL кестесінің типтері. Мәліметтер қорын, кестесін құру. Сервермен байланыс орнату. Мәліметтер қорына мәліметті енгізу, өзгерту және жою операторлары. MySQL-дегі мәліметтер қорына php-дегі формалар көмегімен ену. Сеанстарды басқару. Объектілі-бағытталған программалау. Графикалық мәліметтермен жұмыс. Web қосымшалардың қауіпсіздігін қадағалау.

Пререквизиттері: Программалау, Алгоритмдер, деректер құрылымы және программалау.

Постреквизиттері: Мәліметтер қорының клиент-серверлік қосымшаларын құру, Жасанды интеллект жүйелері.

Оқытудан күтілетін нәтижелер: А. интернет және оның қолданылу аймағы туралы, сайттардың классификациясы, Web-сайттардың композициясы туралы, MySQL МҚБЖ мен PHP сценарийлер тілінің өзара әрекеттесу механизімі туралы түсінігі болуға; В. php сценарийлерінің жазылуын, php тіліндегі негізгі операторларды, php тіліндегі массивтермен, жолдармен, файлдармен, мәліметтер қорымен жұмыс жасауға арналған негізгі функциялардың қызметін, MySQL МҚБЖ-інде мәліметтер қорымен жұмыс жасауға арналған негізгі операторлардың қызметін білуге және қолдануға; С. HTML формалардан алынған мәліметтерді өңдеуге арналған PHP сценарийлерді құра алуға, MySQL МҚБЖ-інде мәліметтер қорын құра алуға, MySQL МҚБЖ-інде құрылған мәліметтер қорын PHP функциялары арқылы өңдей алуға дағдылануға міндетті.

12.2 модуль - Деректер қоры және операциялық жүйелер

Дублин дескрипторлары:(A, B, C, D,E)

Пәннің атауы: Мәліметтер қорын жобалау

Бағдарлама авторы: Шамишева Б.С

Курсты оқытудың мақсаты: Пәнді оқытудың мақсаты студенттерді деректер қорын, деректер қорын басқарудың заманауи жүйесін жобалау әдістеріне және олардың заманауи деректер қорымен және ДҚБЖ-мен жұмыс жасаудың тәжірибелік дағдысына үйрету болып табылады

Пәннің қысқаша мазмұны: Студенттерде инженерлік есептерді құрастыру мен шешуде заманауи автоматтандырылған ақпараттық-басқарушы жүйелер мен кешендер негізінде жатқан іргелі және алдыңғы қатарлы білімдер мен ғылыми принциптерді түсінуге және қолдануға мүмкіндік беретін теориялық білімдер мен тәжірибелік дағдыларды дамыту.

Пререквизиттері: C++ Builder-де программалау,

Постреквизиттері: дипломдық жобалау

Оқытудан күтілетін нәтижелер: А. Пәнді оқу нәтижесінде студент міндетті білуге: негізгі ұғымдарды және деректер қорын тұрғызу технологиясын; пәндік облысты сипаттау модельдерін және «мән-байланыс» моделі (ER-модельдер) негізінде пәндік облысты құрылымдау ережелерін; В. Деректердің классикалық реляциялық моделін және олардың заманауи түрлерін; пәндік облыстың ER-диаграммасын деректер қоры схемасына түрлендіру ережелерін; реляциялық алгебра элементтерін; С. Деректер қорының бүтіндігін бақылау механизмін; заманауи ДҚБЖ-ның сұраныстар тілі және жүйелері; нақтылы ДҚБЖ деректерін манипуляциялау және SQL тілдері; D. Орындай білуге: пәндік облыс талдауын және деректер қорын құру есебінің қойылымын орындауға; пәндік облыстың ER-диаграммасын және оған сәйкес деректер қорын нақтылы ДҚБЖ ортасында құруды; деректер қорына жасалатын сұранысты реляциялық өрнектер түрінде жазу және оларды SQL тілінде немесе қосымшалар түрінде жүзеге асыру; E. Тұтынушы интерфейсін және нақты ДҚБЖ саймандарын қолданып деректер қорының бүтіндігін бақылау жабдықтарын қалыптастыруды; меңгеруге: деректер қоры мен ақпараттық жүйелерді құрудың тәжірибелік дағдыларын.

Дублин дескрипторлары:(А, В, С, D,E)

Пәннің атауы: **Операциялық жүйелер, орталар және қабықшалар**

Бағдарлама авторы: Ермағамбетов Т.К

Құрсты оқытудың мақсаты: "Операциялық жүйелер, орталар және қабықшалар" пәнінің мақсаты жұмысты жетілдіру және қатені азайту мақсатындағы барлық мүмкіндіктерді қолданып әр түрлі операциялық жүйелермен жұмыс жасау негіздерін студенттерге меңгерту болып табылады. Сол сияқты операциялық жүйелердің желілік мүмкіндіктерін қарастыру, ақпараттық жүйелерді жобалау есептерін тәжірибе жүзінде шешудің, ұйымдаструшы-экономикалық саладағы есептерді шешу үшін қолданбалы программалар пакетін қолданудың біліктіліктері мен дағдыларын қалыптастыру, ұйымдаструшы-экономикалық басқарудың компьютерлендіру объектісі ретіндегі ерекшеліктері туралы, заманауи ақпараттық жүйелер мен желілерді қамтамасыз етудің дамыған ақпараттық технологиялары туралы түсінік беру.

Пәннің қысқаша мазмұны: Кез-келген операциялық жүйемен жұмыс жасаудың дағдысын алу, есептеу техникасын қолданумен байланысты келесі пәндерге теориялық базаны қалыптастыру, операциялық жүйелер, орталар және қабықшалардың толық жіктелуін қарастыру, студенттерде болашақта кәсіби қызметте пәннің базалық заңдылықтарын және негізгі қолданбалы программалар пакетін қолдану дағдысы мен біліктілігін қалыптастыру және дамыту.

Пререквизиттері: Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар, Бағдарламалау.

Постреквизиттері: Жасанды интеллект жүйелері, Дипломдық жобалау

Оқытудан күтілетін нәтижелер: Пәнді оқу нәтижесінде студент міндетті: А. білуге:"Операциялық жүйелер, орталар және қабықшалар" пәніндегі негізгі ұғымдарды, терминдерді, тұжырымдамалар мен анықтамаларды; пәннің негізгі бөлімдері бойынша базалық жүйелік және логикалық тұжырымдамасын және олардың баяндалу әдістемесін, компьютерлендіру объектісі ретіндегі басқарудың ерекшеліктерін; ақпараттық жүйелердің теориялық негіздерін, оларды тұрғызу принциптерін, заманауи ақпараттық-есептеу жүйелерін тұрғызудың жалпы принциптерін және заманауи компьютерлік-технология негізінде типтік есептерді шешу әдістерін; ұйымдастырушы-экономикалық басқару есептерін шешудегі дербес компьютерлерді программалық қамтамасыз ету негіздерін; жүйелік бірлестік элементтерін және таратылған операциялық жүйелердің өсу және даму қарқынын; ақпараттық-есептеу жүйелерінің, кешендерінің және желілерінің сенімділігін арттырудың негізгі бағыттарын; ұйымдастырушы-экономикалық ортаның есептерін шешуге арналған қолданбалы программалардың негізгі пакетінің мазмұнын және мүмкіндіктерін; ақпараттық жүйелердің ақпараттың қауіпсіздігін және сақталуын қамтамасыз ету әдістері мен жабдықтарын; түсінігі болуға:"Операциялық жүйелер, орталар және қабықшалар" пәнінің орны және мамандық бойынша оқылатын пәндер жүйесіндегі бұл ғылымның әдістері туралы; заманауи ақпараттық жүйелерді және желілерді аппараттық, ақпараттық және программалық қамтамасыздандыру жабдықтары туралы; заманауи ақпараттық-технологиялар және оларды болашақта кәсіби іс-әрекетте қолдану туралы; ұйымдастырушы-экономикалық басқарудың, басқару есептерінің ақпараттық процестерін жүзеге асырудағы және модельдеудегі техникалық және программалық жабдықтардың елімізде және шет елдерде дамуының жаңа бағыттары туралы; желілік қауіпсіздіктің негізгі технологиялары, компьютерлік тораптарда ақпараттық қорғау әдістері мен жабдықтары туралы; жаңа ақпараттық жүйелер және олардың экономикада және басқаруда қолданылуы саласындағы еліміздің және шет елдер ғалымдарының негізгі ғылыми еңбектері туралы; "Операциялық жүйелер, орталар және қабықшалар" пәнінің мамандық бойынша басқа пәндермен өзара байланысы туралы; В. алған білімдерін өзінің тәжірибелік іс-әрекетінде, сол сияқты жаңа теоретикалық және әдістемелік-тәжірибелік нұсқауларды өз кәсібінде қолдана білуге; С. есепті қою және оны шешу алгоритмін тұрғызу, программалаудың қолданбалы жүйелерін қолдану қабілетті болуға; D. меңгеруге: заманауи операциялық жүйелерді әкімшілік ету дағдыларын; E. орындай алуға: заманауи операциялық жүйелерді аппараттық талаптарға сай нәзікбаптауды

Дублин дескрипторлары:(А, В, С, D,E)

Пәннің атауы: **Ruby-де программалау**

Бағдарлама авторы: Капарова Л.Е.

Курсты оқытудың мақсаты: студенттердің Ruby тілінде бағдарламалау саласында дағдыларды, білімді және іскерлікті алу.

Пәннің қысқаша мазмұны: Ruby тілінің негіздерін оқу; Ruby ең танымал кітапханаларын оқу; Ruby тілін қолданудың ең перспективалы салаларын анықтау, бағдарламалау тәжірибесін алу.

Пререквизиттері: Алгоритмдер, деректер құрылымы және бағдарламалау, Программалау тілдері және технологиясы.

Постреквизиттері: Дипломдық жоба.

Оқытудан күтілетін нәтижелер: А. Ruby тілінде қосымшаларды әзірлеу; В. стандарттарға сәйкестік мәніне кодтың верификациясын жүзеге асыру; С. әзірленген қосымшаларды тестілеу, ретке келтіру және қолдау.

Дублин дескрипторлары:(А, В, С, D,E)

Пәннің атауы: PHP және MySQL-де программалау

Бағдарлама авторы: Капарова Л.Е

Курсты оқытудың мақсаты: Оқытудың мақсат-міндеттері: сервердегі Web-парақты басқару, PHP-де формадан енгізілген мәліметтерді өңдеу сценарийлері, MySQL МҚБЖ мәліметтер қорымен жұмыс жасау әрекеттері туралы түсінік беру, студенттерге интернетте мәліметтер қорымен жұмыс жасау принциптерін, яғни MySQL МҚБЖ-де құрылған мәліметтер қорын өңдеуге арналған php сценарийлерді құруды үйрету.

Пәннің қысқаша мазмұны: PHP тілі мен MySQL МҚБЖ-нің біріктірілген механизмімен интернеттегі МҚ-ын құруда қолдану. Web-сайт құру. Php тілі. Айнымалылар, мәліметтердің типтері, арнайы символдар, комментарийлер. Шарт және цикл операторлары. Массивтер, олармен жұмыс жасауға арналған функциялар. Жолдық типтер және олармен жұмыс жасауға арналған функциялар. Дата және уақыт мәндерімен жұмыс жасау. Функциялар. Арнайы өрнектер. Файлдармен жұмыс. MySQL МҚБЖ. MySQL кестесінің типтері. Мәліметтер қорын, кестесін құру. Сервермен байланыс орнату. Мәліметтер қорына мәліметті енгізу, өзгерту және жою операторлары. MySQL-дегі мәліметтер қорына php-дегі формалар көмегімен ену. Сеанстарды басқару. Объектілі-бағытталған программалау. Графикалық мәліметтермен жұмыс. Web қосымшалардың қауіпсіздігін қадағалау.

Пререквизиттері: Ақпараттық және коммуникациялық технологиялар, Бағдарламалау.

Постреквизиттері: Мәліметтер қорының клиент-серверлік қосымшаларын құру, Жасанды интеллект жүйелері.

Оқытудан күтілетін нәтижелер: А. интернет және оның қолданылу аймағы туралы, сайттардың классификациясы, Web-сайттардың композициясы туралы, MySQL МҚБЖ мен PHP сценарийлер тілінің өзара әрекеттесу механизмі туралы түсінігі болуға; В. php сценарийлерінің жазылуын,php тіліндегі негізгі операторларды,php тіліндегі массивтермен,жолдармен, файлдармен, мәліметтер қорымен жұмыс жасауға арналған негізгі функциялардың қызметін, MySQL МҚБЖ-інде мәліметтер қорымен жұмыс жасауға арналған негізгі операторлардың білуге және қолдануға; С. HTML формалардан алынған мәліметтерді өңдеуге арналған PHP сценарийлерді құра алуға, MySQL МҚБЖ-інде мәліметтер қорын құра алуға, MySQL МҚБЖ-інде құрылған мәліметтер қорын PHP функциялары арқылы өңдей алуға дағдылануға міндетті.

5B070500 - Математикалық және компьютерлік модельдеу

4курс-2017 жылы қабылданғандар үшін

Пәндер циклі/ компонент	Пәндер коды	Пәндер атауы	Семестр	Кредит саны КР/ECTS
13.1 модуль - Ақпаратты қорғау және қолданбалы пішімдеу 1,28 академиялық кредит				
БП ТК	НТРМКМ 4223	Химия-технологиялық процестерді математикалық және компьютерлік модельдеу	7	5
БП ТК	МОР 4224	Maple ортасында программалау	7	3
БП ТК	КМ 4225	Қаржы математикасы	7	5
БП ТК	АКА 4226	Ақпаратты қорғау және ақпараттық қауіпсіздік	7	5
БП ЖК		Өндірістік практика	8	10
13.2 модуль - Ақпаратты қорғау және қолданбалы пішімдеу 2,28 академиялық кредит				
БП ТК	PP 4223	Параллельді программалау	7	5
БП ТК	PDТ 4224	Python-да деректерді талдау	7	3
БП ТК	ЕТВ 4225	Экономикадағы талдау және болжау	7	5
БП ТК	Kib 4226	Киберқауіпсіздік	7	5
БП ЖК		Өндірістік практика	8	10
13.3 модуль - Ақпаратты қорғау және қолданбалы пішімдеу 3,28 академиялық кредит				
БП ТК	МВР 4223	Машиналық бағытталған программалау	7	5

БП ТК	MOGEP 4224	Mathematica ортасындағы ғылыми есептеулер және программалау	7	3
БП ТК	Eko 4225	Эконометрика	7	5
БП ТК	Kri 4225	Криптография	7	5
БП ЖК		Өндірістік практика	8	10
14.1 модуль - Клиент-серверлік деректер қорын жобалау 1,20 академиялық кредит				
БП ТК	ZhIN 4226	Жасанды интеллект және нейрожелілер	7	5
КП ТК	ZBZh 4210	Заманауи байланыс желілері	7	5
КП ТК	MKKT 4311	Мобильді қосымшаларды құру тілдері	7	5
БП ЖК		Дипломалды практикасы	8	5
14.2 модуль - Клиент-серверлік деректер қорын жобалау 2,20 академиялық кредит				
БП ТК	EZh 4226	Эксперттік жүйелер	7	5
КП ТК	KS 4210	Компьютерлік желілер	7	5
ПД КВ	JSP 4311	JavaScript-те программалау	7	5
БП ЖК		Дипломалды практикасы	8	5
14.3 модуль - Клиент-серверлік деректер қорын жобалау 3,20 академиялық кредит				
БП ТК	FBIZh 4226	Функционалды бағдарламалау және интеллект жүйелері	7	5
КП ТК	ZKZA 4210	Жергілікті және корпоративті желілерді әкімшілендіру	7	5
КП ТК	LPT 4311	Lua программалау тілі	7	5
БП ЖК		Дипломалды практикасы	8	5

13.1 модуль - Ақпаратты қорғау және қолданбалы пішімдеу 1

Дублин дескрипторлары: (А, В, С, D, E)

Пәннің атауы: Химиялық-технологиялық процестерді математикалық және компьютерлік модельдеу

Бағдарлама авторы: Мусина А.А.

Курсты оқытудың мақсаты: тәжірибелік мәліметтерді өндеудің негізгі әдістерін қолдану; технологиялық есептерді шешуде компьютерлік технологиялар мен жаңа компьютерлік технологиялардың мүмкіндіктерін пайдалану; химиялық технологияның нақты процестерінің математикалық модельдерін жасау.

Пәннің қысқаша мазмұны: Matlab ортасында бағдарламалау негіздері. Жалпы мәліметтер, есептеулердің графикалық визуализациясы.

Пререквизиттер: Математика және Талдау I, Математика Талдау - Осымша Тарулар I,

Постреквизиттер: Mathematica ортасында ғылым есептеулер және программалау

Оқытудан күтілетін нәтижелер: А. негізгі ұғымдар мен анықтамалар: химиялық-технологиялық жүйе, математикалық модель, модельдеудің блоктық әдісі туралы; С. нақты процестерге технологиялық есептеулер жүргізу кезінде компьютерлер мен жаңа компьютерлік технологияларды қолдану.

Дублин дескрипторлары: (А, В, С, D, E)

Пәннің атауы: Maple ортасында бағдарламалау

Бағдарлама авторы: Жахина Р.У.

Курсты оқытудың мақсаты: қолданушыға пакеттің барлық ерекшеліктерін нақты көрсетіп қана қоймай, сонымен қатар өз ортасында технология, математика, физика, химия және басқа да жаратылыстану ғылымдарының көптеген бөлімдерінен күрделі қолданбалы есептерді шешуге мүмкіндік беретін бекітілген Maple бағдарламалау тілінің ортасын егжей-тегжейлі зерттеу. шешімі үшін стандартты құралдар жоқ пакет. Maple SCM бағдарламалау ортасында студенттердің білімін қалыптастыру, Maple SCM қосымша пакеттерін зерттеу. Maple пакетінде графикалық құралдар, дифференциалдық теңдеулер жүйесін шешуге арналған тиімді құралдар, графикалық пайдаланушылық интерфейстер құруға арналған құралдар, математикалық функциялардың қуатты кітапханасы, үлкен жиынтық бар. әртүрлі қосымшаларға арналған пакеттік модульдер, заманауи интерпретацияланған кіріктірілген бағдарламалау тілі, көптеген басқа Windows қосымшаларымен интерфейс, Перспективалық концептуалды қолдау.

Пәннің қысқаша мазмұны: негізгі тіл элементтері, идентификаторлар, бөлу және бөлу сөйлемдері, айнымалылардың қасиеттерін анықтауға арналған тілдік құралдар, сандық және символдық мәліметтер түрлері, деректер құрылымының негізгі түрлері, типтік тестілеу құралдары сияқты мәселелерді қоса алғанда, үйенкі тіліндегі негізгі ақпарат қарастырылады. деректер, деректер құрылымы мен өрнектер, өрнектерді бір түрден екінші түрге түрлендіру және т.б.

Пререквизиттер: Математикалық талдау 1,2, Алгебра, Дифференциалдық теңдеулер, 3D модельдеу.

Постреквизиттер: дипломдық жобалау

Оқытудан күтілетін нәтижелер: Пәнді оқу нәтижесінде студенттер: А. білуі керек: жүйелердің негізгі математикалық және алгоритмдік модельдерін, оларды модельдеу әдістерін; Үйенкі пакеті, олардың қолданыстағы аналогтармен салыстырғанда артықшылықтары мен кемшіліктері; В. математика мен жүйелер теориясының әр түрлі салаларынан теориялық және қолданбалы есептерді шығарады, объектілер мен тұжырымдамалар модельдерін құрады; С. бағдарламалық қамтамасыздандыру жобасының пәндік аймағын

ресімдеу және бағдарламалық өнімнің компоненттеріне техникалық сипаттама жасау мүмкіндігі бар; D. жобалау және модельдеу мәселелерін шешу үшін дайын бағдарламалық өнімдерді қолданудың заманауи әдістерін игеру; E. бағдарламалаудың формальды әдістерін модельдеу, талдау және қолдану дағдыларына ие.

Дублин дескрипторлары: (A, B, C, D, E)

Пәннің атауы: Қаржылық математика

Бағдарлама авторы: Отаров Х.Т

Пәнді оқып үйренудің мақсаты: болашақ мамандарды төлемдер ағындарын талдау кезінде қаржылық есептеулер әдістерін қолдану, инвестициялық төлемдердің тиімділігі, инвестициялық жобалардың тиімділігі, заманауи экономикалық жағдайда қаржы-несиелік операциялардың қызығушылығы мен пайдалылығын есептеудің тиімді теориялық білімі мен практикалық дағдыларын қалыптастыру.

Пәннің қысқаша мазмұны: Студенттерге нақты есептерді шешуде қаржылық-экономикалық есептеулерді қолдану әдістемесі мен тәжірибесін үйрету, қызығушылықты есептеу, төлемдер ағындарының сипаттамаларын жалпылау, қаржылық-несиелік операцияларға сандық талдау жүргізу, қысқа мерзімді құралдар мен ұзақ мерзімді қаржылық операциялардың, соның ішінде өнеркәсіптік инвестициялардың тиімділігін бағалау.

Пререквизиттер: Ықтималдықтар теориясы және математикалық статистика, экономикалық теория негіздері.

Постреквизиттер: Дипломдық жоба.

Оқытудан күтілетін нәтижелер: A. Пәнді оқу нәтижесінде студенттер білуі керек: қаржылық-экономикалық есептеулерді қолдану әдістемесі мен практикасы. C. жасай білуі керек: қаржылық-экономикалық есептеулерді практикалық есептерді шешуде, соның ішінде сенімді статистикалық ақпарат болмаған кезде қолдана алады; қарапайым және күрделі қызығушылыққа негізделген; қарапайым және күрделі пайыздық мөлшерлемелер бойынша дисконттау және есепке алу; қаржылық операцияларға сандық талдау жүргізу. C. Сандық бағалау модельдерін құрыңыз; келісім шарттарындағы баламалы өзгеріс параметрлерін есептеу; қарызды өтеу жоспарын жасау; әр түрлі қаржылық жалдау түрлеріне қатысты төлемдер ағындарының жалпыланған сипаттамаларын есептеу; инвестициялық жобаларды талдау.

Дублин дескрипторлары: (A, B, C, D, E)

Пәннің атауы: Ақпараттық қауіпсіздік және ақпараттық қауіпсіздік

Бағдарлама авторы: Сартабанова Ж.Е.

Курсты оқытудың мақсаты: Пәнді оқытудың мақсаты: ақпараттық жүйелерде ақпараттық қауіпсіздік жүйелерін құру мен практикалық қолданудың теориялық негіздерін зерделеу, студенттерге мәліметтерді қорғауды жүзеге асырудың принциптері, әдістері мен құралдары туралы жүйелі идеяларды үйрету, оларды жобалау үшін қажетті ақпараттық жүйелерде ақпаратты қорғаудың практикалық дағдыларын қалыптастыру және пайдалану.

Пәннің қысқаша мазмұны: Ақпараттық жүйелердегі ақпараттық қауіпсіздік мәселесін негіздеу. Негізгі ұғымдар мен анықтамалар; ақпарат көздеріне, қауіптеріне және шабуылдарының нысандары; қауіпсіздік саясаты; қауіпсіздік стандарттары; криптографиялық модельдер; шифрлау алгоритмдері; негізгі ОЖ қауіпсіздік модельдері; желіні басқару; пайдаланушының аутентификация алгоритмдері; корпоративті желілерді көп деңгейлі қорғау; желілердегі ақпаратты қорғау; ақпараттық қауіпсіздік жүйелеріне қойылатын талаптар.

Пререквизиттер: Операциялық жүйелер, ақпараттық және коммуникациялық технологиялар

Постреквизиттер: Деректер базасын басқару, дербес компьютерді жаңарту және жөндеу.

Оқытудан күтілетін нәтижелер: Пәнді оқу нәтижесінде студент: A. білуі керек: ақпараттық қауіпсіздік және ақпаратты қорғау негіздерін, криптографиялық түрлендірулердің принциптерін, типтік бағдарламалық-аппараттық құралдар мен ақпаратты компьютерлік ортаға рұқсатсыз кіруден қорғауға арналған жүйелер; идеясы болуы керек: ақпаратты қорғаудың әдеттегі дамыған құралдары туралы және оларды ақпараттық жүйелерді құру мен енгізудің нақты міндеттерінде пайдалану мүмкіндіктері туралы; C. жасай білуі керек: ақпаратты қорғау саласындағы шараларды жүзеге асыруы, ақпараттық қауіпсіздік дәрежесін талдауы және математикалық және бағдарламалық есептеу жүйелерінің дамуын ескере отырып қорғау деңгейін жоғарылатуы; D. істей алуы: ақпаратты қорғаудың құралдары мен жүйелерін жасауы.

13.2 модуль - Ақпаратты қорғау және қолданбалы пішімдеу 2

Дублин дескрипторлары: (A, B, C, D, E)

Пәннің аты: Параллельді программалау

Бағдарлама авторы: Мусина А.А.

Курсты оқу мақсаты: параллель бағдарламалауды меңгерген студенттер; бағдарламалық өнімдерді енгізу үшін заманауи интеграцияланған бағдарламалау жүйелерінде дағдыларды игеру.

Пәннің қысқаша мазмұны: Бағдарламаның ерекшеліктері. Кіріс-шығару. Файлдық жүйелер. Құрылғы драйверлері Қауіпсіздік ішкі жүйесі. Қызметтер, оларды құру және жұмыс жасау ерекшеліктері.

Пререквизиттер: бағдарламалау, бағдарламалау тілдері мен технологиялары, объектіге бағытталған бағдарламалау.

Постреквизиттер: магистратурада оқып жүргенде тезистерді дайындауда білім мен дағдыларды қолдану.

Оқытудан күтілетін нәтижелер: дағдылар, құзіреттіліктер: Құрылыс және компьютер архитектурасының негіздерін білу; қазіргі заманғы операциялық жүйелерді құру принциптері және оларды қолдану ерекшеліктері; алгоритмдер мен бағдарламаларды жасау технологиялары, әр түрлі режимдердегі компьютерлік есептерді шешу және шешу әдістері, бағдарламалауға объектіге бағдарланған негіздер; операциялық жүйелердің нақты конфигурацияларын жасай алуы; В. міндет қойып, оны шешудің алгоритмін құрыңыз, қолданбалы бағдарламалау жүйелерін қолданыңыз, негізгі құжаттарды жасаңыз, заманауи бағдарламалау жүйелерімен жұмыс жасаңыз, соның ішінде объектіге бағдарланған; С. әр түрлі операциялық жүйелермен жұмыс істеу дағдыларын және оларды басқару; процедуралық және объектілі-бағытталған бағдарламалау тілдері, жоғары деңгейдегі алгоритмдік процедуралық тілдердің кем дегенде біреуінде бағдарламаларды өңдеу және күйге келтіру дағдылары; D. қарым-қатынас саласында - айтылған пікірлердің дәйектілігін қалыптастыру; E. оқыту саласындағы - міндеттердегі негізгі проблемаларды талдай білу

Дублин дескрипторлары: (A, B, C, D, E)

Пәннің атауы: Python-да деректерді талдау

Бағдарлама авторы: Ерекешева М.М.

Құрсты оқытудың мақсаты: Python объектілі-бағытталған бағдарламалау тілінде бағдарламалау негіздері бойынша студенттердің жүйелік негізгі бейнесін, алғашқы білімдерін, қабілеттерін қалыптастыру.

Пәннің қысқаша мазмұны: Python бағдарламалауына кіріспе. Негізгі Python модульдері. Функционалды бағдарламалау элементтері. Нысанға бағытталған бағдарламалау. Сандық алгоритмдер Матрицалық есептеулер. Сөздерді өңдеу. Тұрақты тіркестер. Юникод Әр түрлі форматтағы мәліметтермен жұмыс. Python желілік қосымшалары. Интернеттегі есептеу. Python бағдарламалаудың басқа тілдерімен бірігу. Python аудармашы құрылғысы. Python тілі бағдарламалық жасақтаманың прототиптерін тез жасауға мүмкіндік береді, сонымен қатар бағдарламалық жасақтаманың өздері өндірістік мәселелерді шешуге арналған бағдарламалық қамтамасыз етуді біріктіруге көмектеседі. Python-да бай стандартты кітапхана және ақпараттық технологиялар индустриясының барлық қажеттіліктері үшін кеңейту модульдерінің көп саны бар.

Пререквизиттер: алгоритмдеу және бағдарламалау, математика.

Постреквизиттер: Бағдарламалық жасақтама жасау құралдары, Интернетте мәліметтер базасын шығару.

Оқытудан күтілетін нәтижелер: А. идеясы болуы керек: Python бағдарламалау тілінің ерекшеліктері туралы, Python бағдарламалау тілін қолдану салалары туралы; С. біледі және қолдана біледі: Python тілінің негізгі құрылыстары, алгоритмдерді Python тілінде жазу әдістері, Python тілінде бағдарламаларды жасау әдістері мен құралдары; С. дағдылары бар: Python бағдарламаларын құрастыру, күйін келтіру, тестілеу және құжаттау

Дублин дескрипторлары (A, B, C, D, E)

Пәннің атауы: Экономикадағы талдау және болжау

Бағдарлама авторы: Ахметова А.У.

Құрсты оқытудың мақсаты: Бұл пән ұтымды басқару шешімдерін дайындау және қабылдау үшін статистикалық әдістерді, модельдерді, өңдеуде тиісті бағдарламалық қамтамасыздандыруды, мәліметтерді талдау, жоспарлау және болжауды қолдану бойынша кәсіби білім мен дағдыларды қалыптастырады.

